

2025 жылға арналған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша есеп

1. Жалпы ережелер

1. Қызмет көрсетушілер туралы мәліметтер:

«Ақмола облысы білім басқармасының Астрахан ауданы бойынша білім бөлімінің Ковыленка ауылының негізгі орта мектебі» КММ.

Заңды мекенжайы: Ковыленка ауылы, Аманжол Шалтаев көшесі, 50.

2. Мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

«Ковыленка ауылының негізгі орта мектебі» КММ-де 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

2025 жылы «Ковыленка ауылының НОМ» КММ-де 8 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Оның ішінде:

- электрондық үкімет порталы арқылы – 4 қызмет;
- «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы арқылы – 0;
- көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы – 4 қызмет.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін негізде көрсетіледі.

3. Ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

Білім беру саласындағы ең сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер:

- «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына балаларды қабылдау және құжаттарды рәсімдеу»;
- «Ведомстволық бағыныстылығына қарамастан бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша оқыту үшін білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау»;
- «Балаларды негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау».

2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат көздері мен қолжетімділік орындары туралы мәліметтер Қызмет алушылар үшін барлық қажетті ақпарат ресми интернет-ресурста <http://sc0023.astrahanka.aqmoedu.kz/>

«Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Онда мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары жарияланған. Сонымен қатар барлық ведомстволық ұйымдардың ресми сайттарында және ақпараттық стендтерінде мемлекеттік қызмет көрсету қағидалары орналастырылған. Өзін-өзі қызмет көрсету бұрыштары жұмыс істейді.

2) Ақпаратты қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар 2025 жылы білім басқармасы және ведомстволық ұйымдар 10 түсіндіру іс-шарасын өткізді, оның ішінде:

- ресми интернет-парақшаларда – 6 жарияланым;
- тікелей эфирлер – 4.

Ай сайын қызмет көрсетушілердің БАҚ және интернет-ресурстары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы халыққа ақпарат беріледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру бойынша қызмет

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында «Ковыленка ауылының НОМ» КММ жанындағы шағын орталық Akmola.kz бірыңғай ақпараттық жүйесі арқылы жұмыс істейді.
2. 2022 жылдан бастап білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру» жүйесі жұмыс істейді, онда 5 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.
3. «Ковыленка ауылының НОМ» КММ-де мемлекеттік қызметтерді 2 қызметкер көрсетеді, олар қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау

- 1) Қызмет алушылардың шағымдары туралы ақпарат 2025 жылы білім беру саласында мемлекеттік қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.
- 2) Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі бақылау нәтижелері Ішкі мемлекеттік бақылау бақылау іс-шаралары және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын мониторингілеу арқылы жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттануды және тиімділікті арттыру перспективалары

Қызмет көрсету тиімділігін және қызмет алушылардың қанағаттану деңгейін арттыру мақсатында келесі міндеттер қойылды:

- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын қатаң сақтау;
- мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларының қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- электрондық үкімет порталы арқылы өтініштердің үлесін арттыру;
- қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
- мемлекеттік қызмет көрсету сапасына ішкі мемлекеттік бақылау жүргізу.

Мектеп директоры



Б.Бакишев

Орн.: З.Мендыбаева
тел.: 51167